

Қазіргі таңда Республикамыздың
Әділет Министрлігінде
Заңнамалық Аппаратының
Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігінде
Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігінде
Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігінде

БЕКІТІЛДІ
Ақтөбе облысы әкімдігі 2021 жылғы
«29» наурыздағы № 93 бұйрығымен бекітілді

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ – 2021 ЖЫЛ

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - коммуналдық мемлекеттік мекеме) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мемлекеттік мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Депутаттар кеңесі Ақтөбе қаласының атқарушы комитетінің 1939 жылғы «22» шілделегі №18 қаулысымен құрылған.
4. «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - құрылтайшы).
5. Аталған саланың уәкілетті органы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы), ал мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган).
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: индекс 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Шәкен Айманов көшесі, 8 үй.

2. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЗАҢДЫ

МӘРТЕБЕСІ

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркеуге алынған уақытынан бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.
9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тентерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген және мемлекеттік мекемесінің атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.
10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған

жағдайда оның міндеттемелері бойынша сұбсидиярлық жауапкершілік лайықты бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлікте болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілегері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

13. Мекеме қызметінің мәні – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

14. Білім алушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдау үшін негіз қалыптастыру, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, мектеп оқушысының жеке тұлғасын, ар-намысын қалдыру, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қабылдау мекеме қызметінің мақсаты болып табылады.

15. Мақсатқа жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру;
- мекеменің мектеп жанынан әр баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, бағаларды күүу және қадаталауды ұйымдастыру, баланың денсаулығындағы ауытқушылықты уақытылы түзету, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу, бағалардың ақыл-ойының, дене бітімінің, адамгершілік, эстетикалық, танымдық дамуын, баланың ерте әлеуметтенуін қамтамасыз ететін мектепке дейінгі шарын орталық ашуға мүмкіндігі бар;
- пәндер бойынша тереңдетіп оқыту бағдарламаларын іске асыру;
- бейнәлді және бейіндік дайындық бағдарламаларын жүзеге асыру;
- қосымша білім беру, сауықтыру, спорттық қызметтерді көрсету (оның ішінде ақыл);
- білім беру мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру;
- оқу жоспарларды, бағдарламалар, оқу құралдар, ғылыми, әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу;
- психологиялық диагностика мен тегіздеу өткізу;
- семинар, конференция, байқау, олимпиадалар ұйымдастыру;
- концерттер мен көрмелер ұйымдастыру.

Коммуналдық білім беру мекемесінің міндеттері:

- 1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;
- 2) "Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленген білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және сапауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 4) азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;
- 7) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 8) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 9) қоғам мен экономиканың қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі болып табылады.
16. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мамилелер жасауға тыйым салынады.
17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокуратураның талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.
18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУ

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 1) мемлекеттік мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;
 - 2) мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
20. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мүлікті бекітіп береді;
 - 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
21. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:..
- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
 - 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
 - 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны дауазымынан босату негіздерін айқындайды;
 - 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
 - 5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
22. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті үлгідегі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ережелері мен осы Жарғыға сәйкес жеке-дара басқару және алқалылық принциптерімен жүзеге асырылады.
23. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.
24. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дауазымға тағайындалады және дауазымынан босатылады.
25. Директор дауазымға білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде тағайындалады.
26. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

27. Директор мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, жергілікті атқарушы органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.
28. Директор дара басшылық қатидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыруы барысында директор Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпшен:
 - 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 2) органдарда, басқа да ұйымдарда мекеменің мүддесін білдіреді;
 - 3) келісім-шарттар жасасады;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоқпарларын бекітеді;
 - 6) банк шоттарын ашады;
 - 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 8) жергілікті атқарушы орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
 - 9) коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермегеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
 - 10) өз орынбасарларының және мекеменің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
 - 11) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кемелділік жасқа толмаған балалардың қамқорлығын және қорғаншылығын ұйымдастырады;
 - 12) өз құзыретіне сай оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігіне мерзім сайын бақылауды ұйымдастырып, өткізіп отырады;
 - 13) мектептің оқу жоқпарларын бекітеді, өз құзыретіне сай мектептің аттестациясын өткізеді;
 - 14) әдістемелік қамтамасыз етуді жоқпарлап, ұйымдастырады;
 - 15) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (срежемен) және тиісті саланың уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
30. Директор мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

31. Директорға өзінің лауазымын білім беру ұйымдары ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да басшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) лауазымдармен қоса атқаруға тыйым салынады.
32. Директордың лауазымдық міндеттерін қоса атқаруға болмайды.
33. Директор Қазақстан Респубикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:
 - 1) білім беру ұйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
 - 2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
 - 3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;
 - 4) білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;
 - 5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;
 - 6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауаптылықта болады.
34. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде алқалы басқару органдары құрылады. Алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру сапасындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік кеңес, қамқоршылық кеңес, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми әдістемелік), кеңестер және басқа да нысандар бола алады.
35. Педагогикалық кеңес коммуналдық мемлекеттік мекемесін алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.
36. Педагогикалық кеңес:
 - 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
 - 2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
 - 3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;
 - 4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
 - 5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды трамотағармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;

- 6) коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;
 - 7) білім беру ұйымының үш тілде оқытуға ауысуы;
 - 8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;
 - 9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шынғармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;
 - 10) сабақ кестесін құрастыру;
 - 11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;
 - 12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;
 - 13) оқу мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;
 - 14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.
37. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді.
 38. Директор педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады. Педагогикалық кеңестің хатшысын бір жылға кеңес мүшелерімен сайланады.
 39. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына директордың бұйрығымен бекітіледі.
 40. Педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру ұйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.
 41. Педагогикалық кеңестің жұмысы бір оқу жылына әзірленетін және директор бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.
 42. Педагогикалық кеңестің отырысы жоспарды (жылына кемінде 5 рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын пысықтауды, рұқсат берілген жүктемені анықтауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігін қарастыратын, педагогтардың немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша ұйымдастырылады) болып бөлінеді. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі.
 43. Отырысты өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жоспарланады. Білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) тікелей жұмыс жүргізетін қызметкерлер отырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күн қалғанда хатшыға тиісті құжаттарды

- ұынады. Педагогикалық кеңес отырысының уақыты, орны және тәртібі мектеп әкімшілігімен келісіледі.
44. Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады. Педагогикалық кеңестің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамға қайшы келмейтін шешімдері орындауға міндетті болып табылады.
45. Педагогикалық кеңестің отырысы бойынша хаттама шығарылады. Хаттамға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
46. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығарады.
47. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру ұйымының мөрімен және білім беру ұйымы басшысының қолымен бекітілген болуы керек.
48. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалы басқарудың нысанының бірі ретінде Қамқоршылық кеңес болып табылады. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру, оны сайлау тәртібі ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

5. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕГЕ (МЕКТЕПКЕ)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеме (мектеп) оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңға, Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.
50. Білім алушылардың қатарына қабылдау мектеп директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі.
51. Сыныптарды білім алушылардың даирлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.
52. Мектепке білім алушыларды қабылдау кезінде директор Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін бағалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.
53. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар бағаларды мектепке оқуға қабылдау бағаның ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

54. Мектепке дайындық деңгейіне карамастан, осы мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.
55. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсілі: көрсетілетін қызметті беруші арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы және мектеп арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.
56. Мемлекеттік қызметті алу үшін баланың ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету стандартында көрсетілген Үлгілік қағидаларға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.
57. Мектептің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың I сәуірінен бастап I тамызына дейін жүзеге асырылады.
58. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және технологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда мектептің бірінші сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 20 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі.
59. Мектеп бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.
60. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік Қағидаларға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.
61. Білім алушыларды мектептің екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.
62. Мектептің оныншы, он бірінші сыныптарына білім алушыларды қабылдау мектептің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік Үлгідегі құжаттың негізінде жүзеге асырылады.
63. Өтініштерді қабылдау негізгі орта білім туралы мемлекеттік Үлгідегі құжатты бергеннен кейін басталады.

6. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

64. Мектептегі оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.
65. Мектеп жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.
66. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.
67. Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.
68. Мектепте журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
69. Мектепте тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.
70. Мектепте нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырассыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы кететін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.
71. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.
72. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.
73. Мектеп оқу процесін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.
74. Мектеп үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес тандап алады.
75. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын; негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникациялық дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлдық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

76. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғаралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.
77. Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейімалды даырлығын қамтиды.
78. Жашпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бейімдік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.
79. Міншік нысандарына қарамастан, барлық білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.
80. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі МЖМБС, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоһпарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айкындалады.
81. Білім беру ұйымындағы сабақтар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.
82. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.
83. Білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.
84. Білім беру ұйымдары бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айкындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.
85. Мектеп білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
86. Мектепте оқыту және тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.
87. Мектеп ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкіділердің) қалауы бойынша жашпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат және қашықтықтан білім алу нысанында оқуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.
88. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен әзірленген қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

89. Мектепте сыныптарды толықтыру 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді. Жоғары сыныптарда сыныптардың толықтыруын 20 оқушыға дейін азайтуға жол берілгенді.
90. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде мектепте оқу-тәрбие процесі денсаулық сағасындағы өкілетті органмен бекітілген "Білім беру" объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
91. Мектептегі тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде жүзеге асады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.
92. 16 жасқа толмаған білім алушылар орта білім беру мемлекеттік ұйымынан ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасатпаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша шығарылады.
93. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларды мектептен шығару шешімі қорғаныштық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.
94. Мектеп ата-аналар мен кемелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сонымен қатар білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді.
95. Мектепте оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жеке сенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы: I сыныптарда – 33 апта; 2-11 сыныптарда – 34 апта.
96. Қаниқұл уақыты әр жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен айқындалады.
97. Мектепте сабақтың ұзақтығы қырық минуттан аспайды. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимін қолданылады. I, II тоқсанда 35 минут, III тоқсанда бастап – 40 минуттан жоспарланады.
98. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік стандартқа сәйкес жекелеген пәндер оқытуда сыныптарды екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.
99. Мектепте білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын жандартылған білім мазмұнында оқытылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
100. Білім алушылар ата-аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының вариативті бөлігі есебінен сыныптарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

7. ҮЛІМДЕРДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, ҮЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРА ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

101. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру ҚР-ның Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.
102. Мектеп білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін таңдауда дербестік таңыта алады.
103. Білім деңгейін ағымдық бақылау сынып журналының және білім алушылар күнделігінің негізінде жүргізіледі. Білім бағдарламасын толық меңгерген білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі. Оқу мерзімінің жартысынан көп уақытын олардың жағдайына тәуелсіз себептермен жіберген білім алушылар аттестатталмайды.
104. Жанартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша білім алушылардың білім жетістігі деңгейін бағалау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген нұсқаулығы негізінде анықталады.
105. Білім алушылар мемлекеттік емтиханнан денсаулығына байланысты медициналық комиссия қорытындысы негізінде босатылады. Емтиханнан босатуға құқық беретін аурулар тізімін ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.
106. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

8. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТІЗБЕСІ МЕН ТӘРТІБІ

107. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектеп бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.
108. Мектепке:
 - 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде ақылды негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылардан және педагогтерден ақшаны өндіріп алуға тыйым салынады.
109. Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылды қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылды негізде мынадай:
 - 1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер

- мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;
- 2) оқу жоспары мен бағдарламағары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың цикліері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
 - 3) пәндер (сабақтар және сабақтардың цикліері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;
 - 4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кенестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
 - 5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
 - 6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;
 - 7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;
 - 8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);
 - 9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе уәакеелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру;
 - 10) ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге құқылы.
110. Мектеп дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүлкітік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуга құқылы.
111. Мектеп мүлкітік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.
112. Мектеп ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуіге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.
113. Ақылы негізде қызметтер көрсету мектеп пен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.
114. Білім алушы шарт жасау кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.
115. Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалқының ұлғайы жағдайында және инфляция индексі ескеріліе отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

116. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік стандартының негізінде жасалып, Эксперттік кеңесімен келісілген және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ бұйрығы негізінде ұсынылады.
117. Мектептің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін қаражат мектептің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша пайдаланылады.
118. Базалық оқу жоспарынан түскен артық қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидалары негізінде жұмсалыды.

9. МЕКТЕП ПЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАТЫНАСТАРЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

119. Білім беру істерінің қатысушылары, олар оқушылар, мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары (немесе өзге де заңды өкілдері) болып табылады.
120. Білім алатын адамдар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады.
121. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:
- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
 - 2) мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
 - 3) оқу жоспарларына сәйкес бағамалы курстарды тандауға;
 - 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
 - 5) мектепті басқаруға қатысуға;
 - 6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына ауысуға;
 - 7) мектепте, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
 - 8) спорт, оқу, ақт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
 - 9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

- 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 11) оқулағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.
22. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен аландатуға жол берілмейді.
23. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғыда және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.
24. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.
25. Мектепте білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.
26. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.
27. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға мектептің ішкі тәртібінің ережелерімен және осы Жарғымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.
28. Мектепте білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір саптына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.
29. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген мектеп бекітетін ережелермен айқындалады.
30. Мектеп денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға медициналық пункттер үшін ұй-жайлар ұсынады.
31. Қоғамдауалдық мемлекеттік мекемесінде ерікті түрде білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары мен білім алушылар ұйымдары жұмыс жасауына болады. Олар білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеге көрсетілген өкілеттілікке сәйкес басқаруға қатынасады.
32. Басқару органдарының білім алушылардың мүддесіне қатысты сұрақтарды талдау кезінде отырыстарына мектеп білім алушылар ұйымының өкілін қатыстыра алады және оқушы ұйымдарына қажетті акпараттар ұсына алады.

33. Мектеп білім алушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мүлкітік және дауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алуына кепілдік беріледі.

34. Білім алушыларды қоғамдық-саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

35. Мектеп білім алушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормаларын ескере отырып тартылады. Еңбектің санитарлық-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдерге, класc жетекшілеріне жүктеледі.

36. Білім алушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және басқа шараларға қатысу үшін сабақтан босатуға, қызметкерлердің және білім алушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі. Туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бөкіткен мерзімі ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.

Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

37. Кәметке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) баланың тілетін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы мектепті басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) мектептен өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 5) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;
- 6) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

38. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен оқуы үшін сапауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тәртібін қалыптастыруын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды одан әрі жаппы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;
- 3) мектептің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;
- 5) мектеп жұмыскерлерінің ар-намысы мен кадр-қасиетін құрметтеуге;

- 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
 - 7) мектепте белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.
39. Қоғамдық ұйым ретінде мектепте сынып және мектептің жалпы ата-аналар комитеттері жұмыс жасайды. Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру, оны сайлау тәртібі ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

10. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МӘРТЕБЕСІ

40. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.
41. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:
- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
 - 2) оған Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;
 - 4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.
42. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.
43. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:
- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпына міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен тәсілдерін еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз аралаудан және келергі келтіруден қорғауға;
 - 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құллық көрсетуіне;
 - 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын тандауға;
 - 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) мектепті басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын тандауға;
 - 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
 - 15) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
 - 16) өзіне қатысты қабылданатын мектеп директорының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
 - 17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
144. Мектепте кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.
145. Мектеп педагогтерінің жалпақысын есептеу қағидаларын білім беру сатасындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісуі бойынша бекітеді.
146. Мектепте кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалпақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамаға сәйкес айқындалады.
147. Педагогтің кәсіптік қызметіне:
- 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

- 3) медициналық қарсы көрсетілділері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлптық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;
- 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

148. Педагогтерге:

- 1) уақытты күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 2) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жардемақыға кепілдік беріледі.

149. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады.

150. Мектепте кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі.

151. Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

152. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

153. Педагогтерге біліктілік санаттар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен беріледі (расталады).

154. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаларын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растатуға);

4) педагогтік әлепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының жемесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) бабаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени

құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықтау фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) көмекетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасау, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

15. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

16. Педагогтік әдеп жөніндегі кенестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кенестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде білім беру ұйымы аяққандайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Қызметкер мен білім беру ұйымының енбек қатынастары Қазақстан Республикасының енбек заңнамасымен реттеледі.

11. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АЛЫП КІРУГЕ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР ТІЗБЕСІ

1) Қарулар:

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шотлак мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- тазды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;

- сипатталды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
 - шете қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
 - арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құрағдар;
 - жануарларды қансыздандыруға арналған құрағдар;
 - мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құрағдар;
 - атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
 - травматикалық және жарық – дыбыстық патрондарымен ұнғысыз қару;
 - электрошокты құрылғылар және т.б.
- 2) қадалғыш / кескіш қарулар мен өткір заттар:**
- бағталалар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
 - жылжымайы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
 - металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
 - ас үй пышақтары;
 - аң аулайтын (аншылық) пышақтар;
 - ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвисі бар ұстараларды қоса);
 - қылпыштар мен семсерлер, қылпыштың тұтқасы;
 - скальпелдер;
 - металды жұлдыздар;
 - қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал – жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар бұрағыштар, бағталар;
 - бұрандылар;
 - тері астына дәрі беретін және тоқиятын инелер;
 - жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
 - жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктемелі жолға арналған пышақтар;
 - бекіністік құрал-саймандар.

12. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ МҮЛКІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшағай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

129. Коммуналдық мемлекеттік мекеме смета құралдары бойынша бөлінген мүлік және оған бөкітілген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.
130. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ол жағдайда білім беру откізуден түсетін ақпаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.
131. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.
132. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамаарына сәйкес есептілік ұсынады.
133. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамаарында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

13. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

134. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамаарының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.
135. Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, оларға еңбекақы төлеу жүйесі, тәртіптік шараларға және материалдық жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаарында көрсетілген тәртіппен анықталады.

14. МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

136. Мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
137. Мекеме өз қызметін білім алушылардың оқытылуы мен тәрбиеленуіне арналған мемлекеттік тапсырыстың, сонымен қатар мекемелер мен ұйымдармен жасалған шаруашылық келісім-шарттар негізінде жүргізеді.
138. Мекеме ҚР заңдылықтарында белгіленген ретпен, Жарғы мен ҚР заңдарында қаралған ақылы қосымша оқыту, басқа да қызметтер есебінен қосымша қаражат қорларын тартуға құқылы. Бұл реттегі кірістерді бөлу тәртібі мектеп Жарғысына сәйкес өз ішінде анықталады. Кірістер бірінші дәрежелі шараларды ескере отырып мақсатты түрде жұмсалады.
139. Қосымша қаражаттарды тарту мектептің бюджет есебінен қаржыландуының мәшкері мен нормативтерінің азыаына әсерін тигізбейді.
140. Мектеп құрылтайшы келісімімен өзіне бөкітілген меншік пен мүліктерді пайдалануға құқылы.
141. Мектеп мүлікі мен қаражатының қалыптасу көздері мыналар:

- 1) Республикалық және жергілікті бюджеттік қаражаттар;
- 2) Мектептің өз меншігіндегі мүліктері немесе олардың өкілетті органдары берген мүліктері;
- 3) Қосымша ақылы білім беру қызметі есебінен түсетін кіріс;
- 4) Занды және жеке тұлғалардың ерікті түрде көрсеткен көмектері;
- 5) Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес келетін басқа да қаржылар.

15. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 1) Мектеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 2) Мектеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

16. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ

- 1) Халықаралық ұнтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.
 - 2) Мектеп өз жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және еуропармен тікелей байланыстар орнатуға, ұнтымақтастық туралы екі жақтан және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылар, магистранттар, лекторлар және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, білім беру саласындағы халықаралық үйымдастыруға кіруге құқығы бар.
- #### **17. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ШАРТТАРЫ**
- 1) Коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- #### **18. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**
- 1) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Хұрыз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің директоры

Б.С.Алиева



Жіпнен тігілген, нөмберленген
Барлығы 0 бет
«Ақтөбе қаласының Өлім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
директоры Аліева Б.С.



Ақтөбе облысы Ақпарат және
құқық қорғау бөлімі
Ақпарат тіркеу бөлімі